



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№12 (652)
19 НАУРЫЗ,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ

ШЫҒЫНЫ ДА, ШЫҒЫСЫ ДА ШЕКСІЗ ИМПОРТ ПЕН ЭКСПОРТ

Еліміз жерінің кеңдігімен ғана емес, қойнауының байлығымен де әлем назарын өзіне аударады. Ұлан-ғайыр дала төсінде мұнай мен газ, алтын мен күміс, мыс пен уран, көмір мен темір секілді қазба байлықтардың сан түрі жатыр. Табиғаттың осындай жомарт сыйына ие елдің экономикалық тұрғыдан қуатты, өндірісі өркендеген, ғылымы дамыған болуы керек дерсіз. Алайда шынайы ахуал бұл пікірмен толық сәйкес келе бермейді. Осы орайда, Қазақстанның қазіргі экономикалық бейнесінде импортқа тәуелділік мәселесі өткір көрініс тауып отыр. Бұл құбылыс елдің ішкі әлеуетін толық пайдалана алмай отырғанын аңғартады. Неге? Жауабын бірге іздейік.



5



Мұрат ЕРГЕШБАЕВ:

ҚОЛДАУДЫ АУЫЛДАН БАСТАСАҚ, ЖАСТАРЫМЫЗ ҮЛКЕН ҚАЛАЛАРҒА ЖҰМЫС ІЗДЕП КЕТПЕЙДІ


«Жиырма жыл болды ірі шаруашылықтарды қолдап келе жатқанымызға, әлі сол деңгейдеміз. Неге біз шағын кәсіпкерлерді қолдамаймыз? Үй шаруашылығында отбасылық кәсіп жасап, фермер болып отырғандар мемлекеттен субсидия да, қолдау да алмай, кәсіптерін жүргізіп келеді» деді Мәжіліс депутаты Мұрат Ергешбаев бір жиында.

Бұл мәселе әсіресе, төрт түлікті кәсіп еткен жандары көп біздің өңірдің халқының құлағын елең еткізді. Депутаттыққа дейін облыста бірнеше ауданды басқарған Мұрат Нәлікожаұлына бұл тақырып жат емес екені анық. Таяуда біз Мәжіліс депутатына хабарласып, мал шаруашылығына байланысты бірнеше сауал жолдаған едік. Ол мал шаруашылығындағы қолдауды ауылдан бастасақ, жастардың елден-ақ екі қолға бір күрек табатынын, ауылдық елді мекендерімізді дамытудың бір жолы осы екенін нықтап айтты.

4-БЕТТЕ

ЖАҢА МАУСЫМ: ҚАЙСАРДЫҢ ҚАРЫМЫ ҚАЛАЙ?

7



НАУРЫЗ: ҰМЫТ ҚАЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

3

• ОҚУШЫҒА ОЙ

ҚАЛАУЫҢ МЕН ТАҢДАУЫҢ БІР БОЛСЫН, ЖАС ТҮЛЕК!

Сіз де «бір үйге бір дәрігер керек, қызым, ақ халат киіп жүргеннің қай жері жаман?» дейсіз-ау, сіре. Мойындаңызшы.

Иә, баламыздың жалықсы жоғары, мәртебесі бар маман болғанын қалаймыз. Қалағанымыз сонша, ақыл-кеңес беріп, бағыт көрсетеміз деп, өзіміздің қолымыз жетпеген арманды мойнына іле саламыз, таңдауынан айнытуға да тырысамыз. Көпке топырақ шашудан аулақпыз, десе де оқушыға грант, ата-ана мен қысымның ықпалы әсер етпей қоймайды ғой.

Сонымен жас түлек, сен қандай мамандық таңдадың? Қалауыңды



6

БҮГІН — ОРАЗАНЫҢ СОҒҒЫ КҮНІ

Рамазан айы келгенде мұсылмандар қауымы ауыз бекітіп, рухани тазаруға бет бұрады. Бұл айда адам ашығып қана қоймай, жүрегін жаман ойдан, тілін жаман сөзден сақтап, ізгі амалдарға көбірек көңіл бөледі. Сондықтан ораза – тек діни парыз емес, адамды рухани да, тәндік тұрғыдан да тәрбиелейтін ерекше құлшылық.

Ислам ғалымдары оразаның басты мақсаты – Алланың разылығын алу екенін айтады. Дегенмен қазіргі ғылым да ауыз бекітудің адам денсаулығына пайдалы тұстары көп екенін дәлелдеп келеді. Ас қорыту жүйесінің демалуы, ағзаның тазаруы, иммунитеттің нығаюы – мұның бәрі оразаның денсаулыққа тигізетін оң әсерлерінің бірі ғана. Тіпті кейбір медицина мамандары белгілі бір уақыт аш жүру ағзаның жанарып, түрлі аурудың алдын алуға көмектесетінін алға тартады.



2-БЕТТЕ

Басы 1-бетте

БҮГІН – ОРАЗАНЫҢ СОҢҒЫ КҮНІ

Оразаның орасан пайдасы бар

Ғалымдардың пікірінше, белгілі бір уақыт аш жүру ағзаның өзін-өзі қалпына келтіру процесін күшейтеді. Ашығу кезінде ас қорыту жүйесі демалып, ағзадағы зат алмасу процестері реттеледі. Сондықтан кей елде бұл әдіс емдік тәсіл ретінде де қолданылып келеді.

Медицинада, мысалы қант диабеті немесе зат алмасу бұзылыстары кезінде науқастарды белгілі бір уақыт ашықтыру тәжірибесі бар. Бұл ағзадағы зат алмасу процесін реттеуге көмектеседі.

– Адам ағзасына оразаның пайдасы өте көп. Отыз күн ораза ұстаған кезде әрбір клеткамды жасушалық деңгейде тазартады. Яғни толыққанды жаңару процесі жүреді, әрбір ағзада үлкен демалыс болады. Нақтырақ айтсам, ағзамызда клеткалық деңгейде аутофагия процесі іске асады. Ал аутофагия процесі кезінде организмге керексіз шлактар, токсиндер, қажетсіз ақуыздар бір-бірін жеу арқылы клеткалар өз-өзін тазалайды. Отыз күн оразаны толық ұстап шыққан кезде әрбір ағзамыз жасарып, жаңарып, бойымыз энергияға толы болады, – дейді «Health Pro Academy» халықаралық дәрігерлер ассоциациясының төрайымы Аида Мұхтарқызы.

Ашығу біріншіден, жүрек-қан тамырлары жүйесіне пайдалы. Ұзақ уақыт тамақ қабылдамау кезінде жүрек асқазанға қан айдауға аз күш жұмсайды, ал қандағы май мөлшері төмендейді. Екіншіден, көңіл-күйді жақсартады. Ғылыми зерттеулер ораза мидің күйзеліске қарсы тұру қабілетін арттырып, есте сақтау мен ойлау қабілетін жақсартатынын көрсетеді. Үшіншіден, холестерин деңгейін төмендетеді. Бұл инсульт пен инфаркт секілді қауіпті аурулардың алдын алуға көмектеседі. Төртіншіден, ағзаны токсиндерден тазартады. Тамақтану арасындағы ұзақ үзіліс кезінде ағза жиналған майларды ыдыратып, зиянды қалдықтарды сыртқа шығарады. Бесіншіден, ас қорыту жүйесіне



Сурет ашық дереккөзден алынды

оң әсер етеді. Ішек жұмысы жақсарып, кебу, қышқылдықтың жоғарылауы сияқты мәселелер азаяды. Алтыншыдан, артық салмақтан арылуға көмектеседі. Ораза кезінде асқазан кішірейіп, адамның тәбеті азаяды. Жетіншіден, зиянды әдеттерден арылуға мүмкіндік береді. Рамазан айында темекі шегу, тәтті тағамдарды шамадан тыс тұтыну секілді әдеттерден бас тартуға болады.

Мамандардың айтуынша, ауыз бекіту адамның иммундық жүйесін де нығайтады. Қандағы ауруға қарсы күресетін ақ түйіршіктердің белсенділігі артып, ағза түрлі инфекцияларға төзімді бола түседі. Сондай-ақ ораза кезінде ағзадағы артық майлар ыдырап, бауыр, бүйрек, жүрек және қан тамырлары жүйесіне түсетін салмақ азаяды. Кейбір тері аурулары да ашығу арқылы жеңілдеуі мүмкін.

Кейбір дерекке сүйенсек, тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс істейтін асқазан ораза кезінде күніне орта есеппен төрт сағат тынығады. Демек отыз күн ішінде асқазан шамамен 120 сағат демалып, артық майлар мен зиянды қалдықтардан тазартады.

Ораза айт – мұсылмандардың ұлық мерекесі

Ораза айт – мұсылман қауымы үшін ең маңызды діни мерекелердің бірі. Бұл күн қасиетті Рамазан айының аяқталғанын білдіріп, бір ай бойы ұстаған оразаның қорытындысы ретінде атап өтеледі. Сондықтан да айт күні мұсылмандар үшін ерекше қуаныш пен рухани жаңарудың символы саналады.

ҚМДБ мәліметінше, биыл 20 наурыз – Ораза айт мерекесі. Қазақстанда бұл күн ресми демалыс күні болып саналмайды. Айт намазы басталғанға дейін әр мұсылман пітір садақа беруі тиіс. Оның негізгі мақсаты – тұрмысы төмен адамдардың да мерекені қуанышпен қарсы алуына мүмкіндік жасау.

Айт күні таңертең мешіттерде айт намазы оқылады. Намаз уақыты әр өңірде әртүрлі болғандықтан, оны алдын ала нақтылап алған жөн. Айт намазы күн шыққаннан кейін жамағатпен бірге оқылады. Бұл күні әр шаңырақта дастарқан жайылып, қонақ күтіледі. Үй иелері бауырсақ

пісіріп, ет асып, түрлі тағам әзірлейді. Қонаққа бару, ауыз тию, көрші-қолаңмен араласу – айттың ажырамас дәстүрлерінің бірі.

2026 жылы пітір садақа мөлшері қанша?

Пітір садақа – қасиетті Рамазан айының соңында берілетін міндетті қайырымдылықтың бірі. Бұл садақа оразаның қабыл болуына себеп болатын ізгі амалдардың қатарына жатады. Қазақстанда халық арасында ол әртүрлі аталады: пытыр садақа, битир садақа немесе фитир садақа.

Қазақстанда 2026 жылы бір адамға белгіленген пітір садақа мөлшері – 735 теңге. Бұл туралы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы хабарлады. Мұфтияттың мәліметінше, пітір садақаның мөлшері 2 келі ұнның нарықтағы орташа бағасына қарай есептеледі. Себебі бүгінде садақа көбіне бидайдың өзімен емес, одан дайындалатын азық-түліктер – ұн, талқан секілді өнімдер арқылы беріледі.

Пітір садақа – исламдағы міндетті қайырымдылықтың бірі. Оны негізгі қажеттіліктерінен артылатын қаражаты бар әрбір мұсылман беруі тиіс. Әдетте садақаны шаңырақ иесі өзі үшін және асырауындағы шандар үшін төлейді. Олардың қатарына жұбайы, балалары, ата-анасы жатады.

Көпшілікті «пітір садақаны қашан беру керек?» деген сұрақ жиі толғандырады. Шариятта оның уақыты нақты көрсетілген. Онда пітір садақаны Рамазан айының бірінші күнінен бастап, Ораза айт күніне дейін беруге болады делінген. Ең абзалы – Ораза айт намазы басталғанға дейін беру. Егер садақа айт намазынан кейін берілсе, ол жай қайырымдылық ретінде қабылданады, бірақ міндетті пітір садақа болып есептелмейді.

Қорытындылай айтқанда, Оразаның негізгі мәні – адамды сабыр мен тәртіпке үйрету. Аштық арқылы адам нәпсісін тыйып, ас-судың қадірін ұғынады. Сонымен бірге, дұрыс ұсталған ораза ағзаның саулығына да оң әсер етеді.

Тілек ҚАБЫЛ

ЗЕРГЕРЛІКТИҢ АСЫЛ БҰЙЫМДАРЫ

Қазақ халқы әлемге зергерлік өнерімен танылған. Осы орайда көз алдымызға түркі кезеңінен қалған бұйымдар мен Алтын адам бейнесі елестейтін сөзсіз. Ұзақ уақыт бойы сақталған зергерлік өнер қазірде жастардың сүйіктісі. Әсіресе ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы жақындағанда қазақ қызы бұрымына шашбау, құлағына сынғырлаған күміс сырға мен қолдың көркін келтіретін жүзік тағады. Осымен-ақ мерекенің көркі кіреді.

Жылдың басы жақындағанда жастарға көз тоймайды. Бәрі шетінен ажарлана түседі. Көктем бе екен? Әлде, біздің өз мейрамымыз сыйы ма? Сірә, бұл құбылыста біздің зергерлік өнердің әсері бар-ау.

Білектей арқасында өрген бұрым, Шолпысы сылдыр қағып, жүрсе ақырын.

Кәмшат бөрік, ақ тамақ, кара қасты, Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін? – деп жырлады қазақ елінің ақыны – Абай.

Сырға, сақина, алқа. Бұлар басқа елдердің де мәдениетінен орын тапқан бұйымдар. Сондықтан сөз алдын қазақ қыздарының ажырамас сәніне айналған бұйымдардың бірі – шашбау мен шолпыдан бастайық. Бұл бұйымдар шаштың ұшына немесе бұрымға қосып өреді. Бір қарағанда, бұл тек шашты ұзын етіп көрсету немесе әдемілік үшін жасалған дүние болып көрінуі мүмкін. Алайда этнограф-ғалымдар мұның астарында үлкен тәрбиелік және медициналық мән жатқанын айтады.

Белгілі этнограф-зерттеуші Шайзада Токтабаева өзінің еңбектерінде шашбаудың дыбыстық функциясына ерекше назар аударады. «Қазақ ұғымында жындар мен шайтандар, жаман рухтар сынғырлаған таза дыбыстан қорқады. Сондықтан қыз баланың бұрымындағы күміс шолпының сынғыры оны тіл-көзден, жын-періден қорғайтын тұмар қызметін атқарған» – деп жазды ол.

Бұдан бөлек халық арасында шолпы туралы айтылатын ырым-тиымдар бар. Бірде «шолпының дауысы шықпау керек» десе, бірде «шашбаудың сынғыр дауысын естігенде, ерлер дөрекі сөздерден аулақ болады» деп те айтады. Ал бұл әшекейді сататын сатушылар оның қадір-қасиетін үш тұрғыдан сипаттайды. Біріншіден шашбау бұрымды төмен тартып тұратындықтан, қыз бала басын тік, арқасын түзу ұстауға дағдыланады. Яғни, шолпы қыздың жүрісін, дене бітімін қалыптастыратын ортопедиялық құрал болған. Оған қоса сынғыр дауысты бұйым бас терісін тартып, қан айналымын жақсартады. Ал бұл шаштың қалың әрі тез өсуіне ықпал етеді. Үшіншіден, шолпы таққан қыз асығыс қимылдай алмайды. Себебі күміс теңгелер бір-біріне соғылып, қатты дыбыс шығарады. Сондықтан қыз бала байсалды, биязы, баяу жүріп-тұруға үйренген. Қыздың келе жатқанын шолпысының сынғырынан алдын ала білген үлкендер немесе ер адамдар өздерін жинақтап, әдеп сақтаған.

Жүзіктің де жүзі бар

Қазақтың зергерлік өнерінде жүзіктің де алар орны бөлек. Бұл әшекейдің сыры тек жасалған таста емес, әуелі иесінің ниетінде. Ниет таза болса, күмістің сынғыры да, алтынның жылуы да өмірге сән береді. Онымен қоса жүзіктің де түрлері көп. Ол туралы «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының кіші қызметкері И.Жалишева «Жүзік жалпы әйел заты саусаққа тағуға арналған сәндік әшекей бұйымдарының бірі саналғанымен, жүзікті ерлер де тағады. Бірақ әйелдер барлық саусағына екі-үштен қосарлап сала береді де, ерлер бір ғана саусағына және біреуін-ақ салады. Ертерек кезде ерлер көбіне көзі жоқ бірыңғай жасалынған балдақ салатын болған. Ал жүзік жасау анағұрлым күрделі және оның сан алуан түрі болады», – деп жазған еді.

Маманның сөзіне сүйенсек, қазақ халқы асыл тастардан көз қондырылғанын – жүзік, тасы жоқ, тек алтын, күмістің өзінен ғана көз шығарғанын – сақина, көзі жоқ шығыр түрін – балдақ деп атаған. Жүзіктер жасалу мәнеріне қарай немесе көздеріндегі тастардың атымен «көзді жүзік», «құдағи жүзік», «отау жүзік», «құс тұмсық жүзік», «күмбезді жүзік», сондай-ақ ертеректе хан, би, болыстардың мөр, қолтаңба орнына қолданатын жүзіктері «мөрлі жүзік» деп аталған. Бұл қосымша мүсіндер жүзік сақинасының үстіңгі жағына дәнекерленеді.

Жүзікпен қатар қазаққа сақинаның да айтылатыны жайдан жай емес. Бұл екі бұйым



Сурет ашық дереккөзден алынды

қолдану жағынан бірдей болғанымен жасалуы екітүрлі. Бұл туралы Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінің ғылыми қызметкері Назерке Жартынкызы «Орталық Қазақстан» газетінде «Сақинаны, көбінесе күмістен немесе алтыннан жасатады. Сақинаның жасалуы жүзікке қарағанда оңай. Оның сыртына шапқымен шеку, бізбен безеу әдісімен орнататын қарапайым ою-өрнектерден басқа ешпене жүргізілмейді. Кейде, тіпті, ешбір ою-өрнектерсіз жасалатындары да аз емес. Ал жүзік жасау анағұрлым күрделі. Және оның сан алуан түрлері болады. Жүзіктің үстіңгі бетіне әртүрлі асыл тастардан, түсті шынылардан немесе күмістің өзінен көз, балдақ, отау, құстұмсық орнатқан» – деп жазған еді.

Ал бұл бұйымның мағынасы туралы ұзақтап айта беругі болады. Себебі оның түрі көп. Бір жағынан оның жасалуында қолданылатын таста біршама рөл ойнайды. Мәселен інжу көздің шелін кетіреді, жақтты адамды тыныштандырып, суық тию мен тамақ ауруларын емдеуге, қан қысымын реттеуге көмектеседі, ал лағыл адамға сенімділік пен батылдық береді деген мағанасы бар. Байқасак бағалы тастардың атын қыздарға да қояды. Сол арқылы олардың өмірінде гауһардай тастардың қасиеті беріледі деген сенім бар.

Міне, басында тек сән үшін құралған бұйымдар тұтас бір ұлттың мәдениетін, философиясын, этикасы мен эстетикасын сақтап қалған тарихи жәдігерлер екеніне көзіміз жетіп отыр. Шашбаудың сынғырынан қыздың әдебин ұққан, ою-өрнектің сызығынан тағдырды оқыған, жүзіктің пішінінен бүтін бір рудың сәлемін жеткізген бабаларымыздың бұл өнері – бүгінгі ұрпақ үшін баға жетпес мұра. Сондықтан неге бұл асыл қазынаны күнделікті өмірде қолданбасқа, құрметті оқырман?

Мейір НИЕТ

Маңызды әрі қызықты іс-шараға бардық. Шынымен, бүгінге дейін қатысқан жиындардың ішіндегі ең салмақтысы да осы болар.

БҮЛДІРШІНДЕР МЕЙРАМ ТОЙЛАДЫ

Себебі бұл іс-шарада балалардың неше күн жаттаған тақпағын ұмытып қалса да, намысқа тырысқан сәтін, тәрбиеші үйреткен биді жаңымай қайталағанын көрдік, күлкісін естідік. Мұнымен қоса баласының бірінші рет өнер көрсеткенін мақтанышпен тамашалап отырған ананың жүзіндегі қуаныш, жауапкершілікті сезінген тәрбиеші-апапалардың қолдауы «Алтын сақа» балабақшасында наурыз мерекесіне орай өткен ертеңгіліктің салмағын көбейтті.

Іс-шараның ашылу салтанатында балабақша меңгерушісі

Шырынкул Тұрманова сөз сөйлеп, ата-аналарды, мамандар мен балаларды құттықтап, жылы лебізін білдірді. Әрі қарай тақпақ айтып, кара жорға билеген балалардың өнері ертеңгілікке ерекше көрік бергендей. Балалар хор да орындап, ән де шырақды. Ал мейрамның маңызы мен ерекшелігін түсіндіру үшін сахнаға шыққан әжелер наурыз көже жайлы айтып берді. Балалар қыз қуу, қол күрес, арқан тарту секілді ойындарды да ойнады. Мерекелік бағдарлама «қамажай» биімен жалғасып, тұсау кесу рәсімі өтті. Бала да, ата-ана да мәз-мейрам.

«АЖ-ақпарат»

ҰЛТТЫҚ ӨНЕР ЖАҢҒЫРҒАН КҮН

Ауада қазан жапаның, ыстық бауырсақ пен самаурынның түтіні бұрқырап, ерекше дәммен, қайталанбас лебімен өз Наурыз мейрамы да келіп қалды. Көктемнің шуақты күндерімен қатар келген «Наурызнам» онкүндігі аясында Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні «Анаға тағзым» орталығының төрінде көрініс тапты. Мұнда дүйім жұрттың басын қосқан «Ұлт ұызы» этно-мәдени фестивалі өтті.



Орталыққа қала іргесіндегі Тасбөгет, Белкөл кенттері мен Ақжарма, Қызылөзек, Қарауылтөбе, Қызылжарма, Талсуат және Қосшыңырау ауылдық округтерінен өнерпаздар жиналды. Олардың әрқайсысы бүгінгі мерекеге толы қоржын ала келген. Бірі ши тоқыса, екіншісі саз балшықтан құмыра илеп, енді бірі құрғақ жүннен көз жауын алатын бұйымдар жасауда.

«Ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жеткізер» дейді қазақта. Шынымен өнерпаздар дайындаған шығармашылық нөмірлер ешкімді бей-жай қалдырмады. Сахна төрінде ән әуелеп, биішлер бұрала өнер көрсетті. Әрбір ауыл өздерінің дайындаған концерттік нөмірлерін – халық әндерін, этно-композициялар мен театрландырылған көріністерді тарту етті. Сахнада бірде әжелер хоры ән салса, бірде жастар «сырға салу» рәсімімен «беташарды» жаңғыртты.

Фестивальға қатысқан қала тұрғындары ұйымдастырушыларға өз лебізін жеткізді. – Фестиваль маған қатты ұнады. Әр округтен келген өнерпаздар өнерін паш етіп, қызықтырды. Оның ішінде «беташар» рәсімін қойылымда жаңғыртқан жастар туралы айтып өтпеске болмайды. Қойылымда қатысушының айтқан өсиеті маған ерекше әсер етті. Кейде біздің «беташарлар» жаттанды болып кеткен секілді көрінеді. Құлағымыз оған үйренген де секілді. Ал мұнда ол басқаша, жылы леппен айтылды, – дейді қала тұрғыны Зина Бисенова.

Әрі қарай ортаға ауылдың ер азаматтары бастаған топ бірліктің символы саналатын киелі шаңырақтарды көтеріп шықты. Ал ортадағы үлкен тайқазанға әжелеріміз ырыс-несібесін, салт-дәстүріміз біте қайнасқан дәмдерін қосып жатыр. Елдің бірлігі мен молшылығын дәріптеген бұл салтанатты шеру Қыдыр ата, Ұлт анасы мен жас баланың жүрек тебіренерлік сахналық қойылымымен ерекшеленді.

Кеш марапаттау рәсімімен қорытындыланды. Қатысушыларға алғыс хаттар, арнайы номинациялар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Мерей ШӨКРАТ

19 миллион теңге жүлде қоры бар, қазақстандық өнертапқыштарды, сарапшыларды, инвесторлар мен кәсіпкерлерді бір алаңда тоғыстыратын «Digital Qazaqstan Battle» – өңірлердегі талантты IT-командалар үшін үлкен мүмкіндік.



«DIGITAL QAZAQSTAN BATTLE»-ДА КІМ БАҚ СЫНАЙДЫ?

Доға 27 наурыз күні Шымкент қаласында өтеді. Ал бұл алаңда бақ сынаудың негізгі кілті – өңірлік іріктеуден өту. Жуырда Қызылордада өткен жартылай финалда жергілікті жастар өз жобаларын ұсынып, технологиялық форумға жолдама алу үшін бәсекеге түсті. Барлығы 12 инновациялық стартап-жобамен таныстық. Ал қазылар алқасы жобаның тиімділігі, инновациялық әлеуеті және нарықтағы даму мүмкіндіктерін жан-жақты бағалады. Шешім шығарудың қиын болғаны да рас. Себебі маңызды салалар қамтылған. Мысалы, қоғамдық тамақтану орындарын толық цифрландыруға арналған SaaS-платформа мен мал шаруашылығын басқаруға арналған аппараттық және

бағдарламалық жасақтаманы біріктіретін платформадан бастап, IELTS емтиханына дайындалуға арналған онлайн-платформа, идеяларды веб-қосымшаларға айналдыруға мүмкіндік беретін low-code/no-code интеллектуалды платформалармен де таныстық. Тіпті тері жағдайын фотосурет арқылы талдап, күтім бойынша ұсыныстар беретін AI-платформа да бар. Мұнан бөлек, жас өнертапқыштар фиништен алаяқтық сайттардан қорғайтын жасанды интеллект негізіндегі жүйе жасауды да қолға алған. Осы секілді ауқымды жобалардың арасында жоғары бағаланған Cortex AI жобасының авторы Асылжан Абдуллаев енді Шымкент қаласында өтетін «Digital

Qazaqstan Battle» финалында бақ сынады. Жобаға тоқталсақ, бұл бүйрек трансплантациясынан кейін органның қабылдауға қауіпін алдын ала болжайтын интеллектуалды жүйе. «Digital Qazaqstan Battle»-дың жартылай финалына қатысу мен үшін үлкен тәжірибе болды. Өз жобамды сарапшылар алдында таныстырып, олардың ұсыныстары мен бағасын алу – маңызды кадам. Енді финалда өңірміздің атынан лайықты өнер көрсетуге тырысамын, – деді жеңімпаз. Өзге өңірде де жартылай финал аяқталғанын айта кеткен жөн. Енді 20 финалист Шымкентте жүздеседі.

Инжу МАРЖАН

ШАРУАШЫЛЫҚ ЕНДІ АҚЫЛДЫ ЖҮЙЕНІҢ ЕНШІСІНДЕ

Егіншілік пен мал шаруашылығында жүрген мамандар бұл саланың қиындығын біледі. Бірде малыңды ұрлатып аласың, ал агробизнесе ауа райын болжап, тәуекелмен жұмыс істейсің. Рас.



Бірақ бұл мәселелердің шешімі табылған секілді. Өйткені Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Жасанды интеллект институтының студенті Нұрдәулет Дүзенов AgriX жобасын қолға алды.

AgriX – фермерлер мен агробизнес өкілдеріне шешім қабылдауға көмектесетін цифрлық платформа. Жоба ауа райы мәліметтерін, топырақ көрсеткіштерін, спутниктік суреттерді және егістікке қатысты басқа да деректі біріктіріп талдайды. Осы талдау негізінде платформа белгілі бір жер теліміне қай дақылды егу тиімді екенін, қашан егу қажет екенін, қанша мөлшерде тыңайтқыш қолдану керек екенін және қандай агротехникалық әрекеттерді орындау маңызды екеніне дейін ұсынады. Яғни, басты мақсаты – фермерлердің шығынын азайтып, өнімділігін арттыру және тәуекелдерін төмендету. Көп жағдайда ауыл шаруашылығындағы жұмыс пен шешімдер тәжірибеге

немесе болжамға сүйеніп қабылданады. Ал AgriX арқылы нақты дерекпен жұмыс істеуге болады.

Нұрдәулет Дүзеновтің айтуынша, жобаны қолға алғанына бір жылдан асқан. Осы уақыт аралығында ауқымды зерттеу, практикалық жұмыстар жүргізіп, әлеуетті пайдаланушылармен де кездескен. Қазір команда соңғы пилоттық режимде іске қосу жұмыстарына дайындалып жатыр. Оң нәтижеге қол жеткен соң жоба толыққанды іске қосылады.

Ал Әмір Сланбек алдағы 3 ай ішінде ZHAILYm жобасының пилоттық нұсқасын сәтті аяқтап, жүйеге алғашқы 20 төлем жасайтын фермерді қосуды жоспарлап отыр. Яғни, мал шаруашылығын басқаруға арналған аппараттық және бағдарламалық жасақтаманы

біріктіретін платформа дәл осы ZHAILYm жобасы.

Бұл – Қазақстанның қатаң климаты мен шалғай жайылымдарына арнайы жасалған, мал шаруашылығын толықтай бақылауға алатын автономды эжожүйе. Біздің басты мақсатымыз – фермерлерге нақты дерек беріп, мал ұрлығын жою және делдалдарсыз тікелей сауда жасауға мүмкіндік беру, – дейді автор.

Мұнымен қоса жобаның өзіндік байланыс желісі болады. Команда байланыс пен интернет мүлдем жоқ жерлерде 15-20 шақырым радиуста жұмыс істейтін жеке байланыс бекетін орнатуды жоспарлап отыр. Виртуалды қоршау мен face id де қарастырылған.

Ә.ЖАНӨБІЛҚЫЗЫ

«Арай» бастауыш мектебінің оқушылары ұлттық ойыннан сайысқа түсті. «Асығыңыз алшысынан түссін» дейтін ұлттың ұлдары бірі-бірінен асып, жеңіс жолында тер төкті. Аламанда «Арай» бастауыш мектебі мен Абай атындағы дарынды балаларға арналған мектептің оқушылары бақ сынасты.

БАЛАЛАР ҰЛТТЫҚ СПОРТТАН САЙЫСТЫ



Сайыс қазақтың ұлттық спорт ойындарының бес кезеңінен тұрады. Онда асық ату, хан талапай, қол күрес, арқан тарту, бес тас ойындары арасында балалардың ептілігі мен шапшаңдығы байқалды. Шараға қолдау көрсеткен Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубының жетекшілері арнайы медальдар табыстады.

Бұл сайыс жас ұрпақтың санасында ұлттық құндылығымызды жаңғыртты. Өткенін ұлықтайтын ұлттық. Кешегі бабалар жүріп өткен жол – бізге үлгі. Әрбір ойынның өзінің ерекшелігі мен адамның зияткерлік ойлау жүйесіне ықпалы орасан. Бұл сайыста ұлттық ойынды насихаттауда әрдайым қолдау жасап жүрген К.Қаракөзов атындағы №235 мектеп-гимназиясының дене шынықтыру пәні мұғалімі Райхан Наукеев, М.Ықсанов атындағы Қызылорда техникалық-IT жоғары колледжінің дене шынықтыру пәнінің оқытушысы Самат Мұқанов төрешілік жасады. Жоғары деңгейде өтті, – дейді ұйымдастырушылардың бірі қалалық №20 кітапхананың қызметкері Падиша Шманова.

«АЖ» ақпарат

Жұмысын тоқтатады

«Күзет-Қызылорда» ЖШС (БСН 230140014056) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, микрорайон Нұр Орда, №56 үй, 22-пәтер.

НАУРЫЗ: ҰМЫТ ҚАЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Наурыз – тек көктемнің келуі емес, ұлттық рух жан-данатын, салт-дәстүр қайта жаңғыратын қасиетті кезең. Мыңдаған жылдық тарихы бар бұл мейрам Шығыс халықтары үшін ежелден жаңа жылдың бастауы, тіршіліктің жаңаруының символы ретінде дәріптеліп келеді. Қазақ халқы үшін де Наурыз – бірлік пен татулықтың, ізгілік пен кешірімнің, молшылық пен берекенің айрықша мерекесі.

Алайда уақыт өте келе Наурыздың тек сыртқы сипаты ғана сақталып, оның терең мазмұны, салт-дәстүрлік жүйесі көмескілене бастағаны жасырын емес. Бүгінде біз Наурызды қаншалықты дұрыс түсініп, толыққанды атап өтіп жүрміз?

Жыл сайын Наурыз келгенде алаңдар толы концерт, сахналарда шырқалған ән, дастарқан толы көже көреміз. Бірақ осының арасында бір сұрақ көмескі қалып барады. Біз шынмен Наурызды тойлап жүрміз бе, әлде тек оның сыртқы формасын ғана қайталап жүрміз бе? Ұлыстың ұлы күні бүгінгі қоғамда мәнінен айырылып, «сценарийлік мерекеге» айналып кеткен жоқ па?

Наурыз – мыңжылдықтар қойнауынан жеткен, табиғатпен үндескен, адам мен қоғамды жаңартуға бағытталған ерекше мейрам. «Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Бұл атаудың өзінде үлкен философия жатыр. Ол тек күн мен түннің тенелуі емес, адамның да ішкі тенелуі, рухани тазаруы. Бірақ бүгінгі көрініс қандай? Сахна бар, сценарий бар, сән-салтанат бар. Ал мазмұн ше?

Біз Наурызды «мерекелік бағдарламаға» айналдырып жібердік. Бір күндік шоу, бір реттік көңіл көтеру. Ал оның терең философиясы, тәрбиелік өзегі назардан тыс қалды. Бір кездері Наурыз ондаған ғұрып пен салттың тоғысқан кезеңі еді. Әр әрекеттің мәні болатын. Әр дәстүрдің астарында тәлім-тәрбие жатты.

Бүгінде Наурыз көбіне концерт пен көрмеге айналып барады. Ал оның шыншай мазмұнын құрайтын салт-дәстүрлер сирек орындалады. Мәселен, аластау – от арқылы тазару рәсімі ұмытылды, жаңа күнді қарсы алу дәстүрі сиреді, сауамалық айту, құт шақыру тек кітап бетінде қалды, бастаңғы, бел көтерер ғұрыптары мәдениетімізден түбегейлі ажырап қалды.

XX ғасыр басында отаршылдық саясат, шаруашылық өзгерістері Наурыздың әлсіреуіне әсер етті. Ал 1926 жылы кеңестік билік мерекеге ресми тыйым салды. Соның салдарынан көптеген ғұрып ұмытылды.

Ежелгі кезеңдерде Наурыздың жыл басы ретінде тойлану мерзімі тұрақты болмаған. Бұл парсы абыздарының күнтізбені дәл есептей алмауымен байланысты еді. Соның салдарынан мереке әр жыл мезгіліне ауысып отырған. Тек 1079 жылы Омар Хайям қалдырған күнтізбелік реформа нәтижесінде Наурыз нақты орнығып, күн мен түн теңелетін 21-інен 22-сіне қараған түн жыл басы ретінде белгіленді.

Наурыз тек мереке емес, тұтас ғұрыптық жүйе. Ол үш күннен тоғыз күнге дейін жалғасып, халықтың салт-дәстүрлері толық көрініс тапқан үлкен жиын болған. Бұл күндері ат жарыс, балуан күресі, айтыс ұйымдастырылған, жастар ойын-сауық құрып, ән айтып, күй шерткен, үлкендер бата беріп, елге бағыт-бағдар көрсеткен.

Бүгінде осы Наурызнаманың мазмұны тарылып, көбіне концерттік форматпен ғана шектеліп бара жатқаны алаңдатады. Наурыз мерекесінің басты ерекшелігі – оның тәрбиелік мәнінде еді. Бұл күні ел ішінде ренжіскендер татуласады, мұқтаж жандарға көмек береді, қарыздар қайтарылады, үлкендерге құрмет көрсетеді, табиғатты аялауға ерекше көңіл бөледі. Қазақ қоғамында бұл күні айтылған ақ тілек пен бата жыл бойғы өмірге әсер етеді деген сенім қалыптасқан. Яғни Наурыз – адамды ізгілікке тәрбиелейтін қоғамдық мектеп. Ал бүгінде біз бір-бірімізге «құтты болсын» айтып, сол баяғы қалпымызда қала береміз. Аңыз бойынша бұл күні табиғаттың өзі жұмсарып, жанаратындықтан «Самарқанның көк тасы жібіген күн» деп атап келеміз. Алайда өз жүрегіміз жібіп жатыр ма?



Қазақ танымында жыл тірі организм ретінде сипатталады. Ол жаңа туған баладай басталып, көктемде өсіп, күзде қартайды, ал қыста «өледі». Осыдан «Жаңа жыл» ұғымы туындап, адамдар бір-бірін «жасың құтты болсын» деп құттықтаған.

Наурыз көже – жай тағам емес, символ. Жеті дәм – жеті ырыстың белгісі. Бұл молшылықтың, бірліктің философиясы, қазақ дүниетанымындағы «жеті» санының киелілігінен туған. Көжеге міндетті түрде қысқы соғымның басы салынып, «қызылмен қоштасу, аққа көшу» мағынасын білдірген. Әр үй бұл тағамнан дәм татқызу арқылы қонақжайлылық пен кеңпейілділіктің үлгісін көрсетеді. «Бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем» деген халық даналығы осы дәстүрдің мәнін терең ашады. Наурыз тек көже ішіп, концерт көрумен шектелмеген. Оның аясында көптеген ерекше дәстүр болған. Төменде әр ғұрыпқа жеке тоқталамыз.

Наурыз түні – жастар үшін ерекше сәт. «Жаңа күнді қарсы алу» ғұрпы да осында жатыр. Наурыз түнінде жастар алтыбақанның басында ән айтып, ұлттық ойындар ойнаған. Таң ата биік төбеге шығып, жаңа күннің шұғыласын қарсы алған адамға «Наурыздың құты» берілетініне сенген. Күлімдеп шыққан күнге сәлем берген жұрт «Құт дарысын!» деп тілек тілеген.

Осы түнде қыздар ұнатқан жігіттеріне арнайы «Ұйқышар» дайындаған. Бұл – тек тағам емес, іштей білдірілген ықылас, нәзік сезімнің белгісі. Ал жігіттер болса, жауап ретінде «Селтеткізер» сыйлығын ұсынып, қыздарға әшекей бұйымдар, әтірлер тарту еткен. Бұл дәстүрлер жастарды сыйластыққа, ізеттілікке, табиғатты тануға тәрбиелеген. Өкінішке қарай, бүгінгі қоғамда олардың көбі ұмыт қалып барады.

Қазір жастар үшін Наурыз – демалыс күні ғана. Ұлттық ойындар, айтыс, алтыбақан, бәрі сахналық элементке айналды. Табиғи орта, тірі дәстүр жоғалды.

Мерекеле қарттарды да ұмыт қалдырмай, «бел көтерер» жасаған. Бұл қарттарға арналған арнайы жұмсақ тағамның атауы. Мерекеле наурыз бата, яки ерекше ақ тілектер айтылып, наурыз жұмбақ, жырлар табиғатпен үндес поэзиялық мұралар дәріптелген. Ал сауамалық айту арқылы көктемді қарсы алған халықтың қуанышын жырға қосқан. Көктем келіп, күн күркіреп, алғашқы жаңбыр жауған сәтте ауыл адамдары далаға шығып, «сауамалық» айтқан. Бұл жаңа жылдың келуін қарсы алу, табиғаттың оянуына қуану, жақсылық тілеу рәсімі.

Сондай-ақ «аластау» рәсімін ерекше атап өткен абзал. Қараңғы түскенде екі үлкен от тұтатып, яғни жүйп шырақ жағып, малдарын арасынан өткізіп, адамдардың өздері де жас шамасына қарай бөлініп оттың ортасынан өткен. Аластау кезінде өлең айтып, айналаны тазалау дәстүрге айналған. Сондай-ақ бұрынғы көне рәсімдердің бірі «қауақ сындыру да» ұмыт қалып барады. Ескі ыдысты сындырып, «қамандық кетсін» деген ырым жасаған. Яғни көнерген ыдыстарды сындыру арқылы «қауақ сынды – қайғы кетті» деп санаған. Бұл дәстүрлер де қазақтың табиғатпен біте қайнасқан дүниетанымының көрінісі.

Наурыз – тек мереке емес, ұлттық кодтың айнасы. Бүгінде біз оның сыртқы көрінісін сақтағанымызбен, ішкі мазмұнын, тәрбиелік мәнін толық дәріптей алмай келеміз. Ұмыт бола бастаған осындай салт-дәстүрлерді жаңғырту – тек мәдениет саласының емес, жалпы қоғамның ортақ міндеті. Егер Наурызды шын мәнінде жаңғыртқымыз келсе, сахнадан емес, санадан бастауымыз керек.

Аружан ОРАЛБАЙ

Басы 1-бетте

Мұрат Ергешбаев:

ҚОЛДАУДЫ АУЫЛДАН БАСТАСАҚ, ЖАСТАРЫМЫЗ ҮЛКЕН ҚАЛАЛАРҒА ЖҰМЫС ІЗДЕП КЕТПЕЙДІ



отбасынан бастасақ, жастарымыз жұмыс іздеп үлкен қалаларға, шетелге кетпейді. Бұл жерде тағы да қайталап айтамын, өте жақсы қолдау керек. Мысалы, бізде жақсы бағдарламалар болды. Естеріңізде болса, ол жерде жоғары талап болатын. Мәселен, кемінде үш мың басқа арналған бордақылау алаңы болу керек деген талапты

сүт алып жүрді. Ал бұрын 15 бас сиырдан 90 литр алатын. Енді оның малға беретін жем-шөбінен басқа вакциналары, дәрілерінің барлығы кәдімгідей екі еседей азайды. Бірақ пайда артпаса, кеміген жоқ. Саннан сапаға көшу деп отырғанымыз осы.

– Мұрат Нәліқожаұлы, мал шаруашылығы өзі жан-жақты тақырып қой. Бұл жерде өңірлердің табиғатын да назарға алған дұрыс шығар...

– Өте дұрыс айтасың. Батыс Қазақстан, Ақтау, Атырау жақта мал бордақылау өте қиын. Бұл аймақтарды жайылымдық бағытта қарастыруға болады. Оңтүстік, шығыс өңірлерде жем-шөп мәселесі қалай, соны зерттеп алу керек. Өзің білесің, Қызылорда облысы күрші егумен айналысады. Мал азығынан мұнда мәселе жоқ. Осы жаққа бағыттау керек. Мысалы, он мың басқа осынша көлемде жем керек деп зерттеу жасап, нақтылаған жөн. Осы сияқты Павлодар облысының бұл бағыттағы мүмкіндігін де сараптаған дұрыс.

Тағы бір мәселе, қазір мал бағасы өсіп кеткен соң мемлекет экспортқа шектеу

– Әрине қолдау болған соң, оның нысаналы бағытта қолданылғаны жақсы. Бірақ кейде бір адам екінші бір адамнан мал алдым деп рәсімдеп, өзінің тіркеуде жоқ малын сол тізімге қоя салады. Несие алынды, бірақ мал санында өзгеріс жоқ. Мұндай да жағдайлар бар екені рас...

– Иә, мұны бір жолға қойған жөн. Бір ауданнан екінші бір ауданның адамы алса, тәуекел. Бірақ бір жердегі екі адам бір-бірінен алған жағдайларды зерттеу керек. Мәселен, бір ауылдың ішінде 5 мың ірі қара бар дейік. Ауылда несие алған 10 адам 100 мал алды деп есептейік. Қағаз жүзінде мал басы көбейген сияқты. Бірақ ауыл ішіндегі мал саны сол бұрынғы 5 мың бас болып қала береді. Біз малдың саны жағынан 1991 жылғы көрсеткіштерге әлі жете алмай отырмыз.

– Аға, субсидия мәселесіне қайта оралсақ... Ірі шаруашылықтар алады да, шағын шаруашылықтар өз күнін өзі көріп қала береді. Осы жүйені халыққа ыңғайлап, жеңілдетуге болмай ма?

– Мен өз басым субсидияға қарсымын. Тегін нәрсенің қай-қайсысы да нәтижесіз болады. Тегін нәрсе ешқашан пайда

бере салады.

Түптеп келгенде, менің субсидия туралы нақты көзқарасым мынада: субсидиядан біз ұзақ мерзімді несиелендіруге ауысуымыз керек. Нарықтың да бағыты осында.

– «Егер кооператив құрсаңыздар, көп ала аласыз» деген ұсыныстар болатыны бар. Кооперативті несиені көп алу үшін құратындар да жетерлік. Бізде үш адам кооператив құрса, үшеуі де мал бордақылайды. Негізі кооперативте бір адам мал бордақылайды, екіншісі жем-шөп дайындайды, үшіншісі етті өткізеді. Зандылығы солай сияқты. Сонда бізде кооператив дегенді үш адам біріксе болды деген түсінік әлі де бар сияқты. Осыған байланысты айтар ойыңыз қандай?

– Кооператив жақсы. Бірақ оның әрбір мүшесі пайда тауып отыру керек. Ағайынды үшеудің атынан құра салып, біреуі ғана пайдаға кенеліп отырған нәрсе кооператив емес. Кооперативте бес адам болса да, өзара шарт болу керек. Ол жерде кімнің қанша үлесі бар, кім қанша табады, осының бәрі тайға таңба басқандай жазылып тұрғаны жөн. Сол сияқты жерді кім жыртады, егінді кім егеді, малды кім бағады, етті кім өткізеді, осының барлығы да белгілі болғаны ләзім. Жоғарыда айтып отырғаның дұрыс, егін шаруашылығы болса, мен мал бордақылау үшін шөпті өзіңнен аламын. Міне, сонда ғана кооператив боламыз.

Осы ретте «Ауыл аманаты» деген керемет бағдарлама бар. Жан-жақты ойластырылған жақсы жоба. Бірақ, осы бағдарламаға қосарым, мал бордақылаумен айналысатындарға несие көлемін көбейту керек. Содан кейін мен жоғарыда айтып өткен отбасылық, үй шаруашылық кәсіптерге мейлінше бағыттау керек.

Мына бір қызықты айтайын, мысалы дүкендерді ешкім реттеген жоқ. Нарық реттеді. Дүкеннің бар ма, сіз сөреңізге қоятын затты шығарушымен не болмаса тасымалдаушымен сөйлессіз. Ол дүкен арқылы өз өнімін өткізіп отыр. Мысалы, осы кооперативтік жұмысты нарық реттеп берген, оларға сен мынадан ал, мынаны ал деп ешкім айтқан жоқ. Нарықта сұранысы бар өнімді алды да, сөреге қойды.

Жоғарыда қойып отырған сұрақтың да жауабы сол: оны да нарық реттейді.

– Дегенмен бақылау да болған жөн. Соллай ғой?

– Иә, бәрі алып кәсіп ашып кетеді деп кәсіп айта алмаймыз. Той жасайтын, көлік алып алатын да адамдар бар. Бақылау керек екені рас. «Сен біз берген қаражатқа не алдың?» деп, оны да тексеріп, есебін алу керек. Егер бәрін сәтмен пайдаланса, «Ауыл аманаты» бағдарламасы – теңдесі жоқ бағдарлама. Бұл арқылы халықтың қолын аузына жеткізіп, аузын аққа тигізуге әбден болады.

– Ракмет.

Сұхбаттасқан Дәулет ҚЫРДАН

– Мұрат Нәліқожаұлы, таяуда жында жиырма жылда ірі шаруашылықты қолдаудан өзгеріс болмай жатқанын айттыңыз. Ессенің, шағын шаруашылықтарды қолдау арқылы ұтатынымыз көп. Осылай ғой?.. Тарқатып айтып берсеңіз.

– Мал шаруашылығын дамыту – үлкен мәселе. Бірақ одан да үлкені – ауыл шаруашылығы саласын, елді мекендерді дамыту, халықтың әл-ауқатын көтеру. Демек майда шаруашылықтарға да қатты мән беруіміз керек. Бұл үлкен шаруашылықтарды, ірі кәсіпорындарды мүлдем қолдамау керек деген сөз емес. Ірі компаниялардың айналасында көптеген жұмыс орны болады. Жұмыстың сапасы жоғары болуы қадір.

Елдегі әрбір отбасы үкіметтің қолдауына мұқтаж болмауы керек. Олар өздерінің тірлігімен айналысып кету керек. Нақты мысалға алар болсам, Сырдария ауданына қарасты Бесарық, Қоғалықөл ауылдарында әрбір екінші, үшінші үй мал бордақылайды. Оның ішіндегі жылқы шаруашылығы. Олардың өздерінің әдістері бар, сататын орындары бар. Малды да сатып алып жатыр, етті де өз беттерімен өткізіп отыр. Бірақ олар ешқандай субсидияны алып жатқан жоқ, қолдау көріп отырған жоқ. Өз күштерімен барынша алға басып, тырысып жүр. Дәл осылай кәсіп істеп жүрген бір азаматты білемін. Небәрі төрт бастан бастаған, бүгінде оның қорасында 50 бас жылқы бордақыланып тұр. Міне, еңбеккерлік. Осы азаматтарды неге қолдамаймыз? Оларды қолдап, демеп жіберсек, бүгіндегі бірнеше отбасының жағдайын жақсартар едік. Мемлекеттен көмек алуға мұқтаж болмайды. Біз осы жағына мән беруіміз керек.

– Бұл мәселенің аргы жағында қарапайым халықтың әл-ауқаты, мемлекеттің экономикалық хал-ауалы жатыр дегуе болады...

– Менің ұстанымым – ауылдағы әрбір отбасын, әрбір кішігірім шаруашылықты осылай дамыту. Егер біз қолдауды ауылдан, қарапайым

алайық. Еттің әр келісіне 300 теңгеден субсидиясын беретін болды. Одан кейін бордақылау алаңының көлемін 1500 басқа азайтылды. Оған субсидия әр келісіне 150 теңге болып бекітілді. Мен сол кезде «Мысалы менің жағдайым келмейді бұған. Үш мың, мың жарым басқа арналған бордақылау алаңын салу кімнің қолынан келер дейсің?! Менің ауламда 50 басқа дейін ұстауға мүмкіндігім бар. Сондай нәрсені қолдайық» дедім. Міне, осындай болғанда ғана іс нәтижелі болып, ауыл-аймақ өзі-өзін қамтамасыз етеді. Әрине ірі шаруашылықтар болғаны жақсы. Кіші шаруашылықтар сол ірілерінен тұқымдық алуға болады. Үй шаруашылықтағылар осылай тұқымдық ала алады.

– Демек шағын шаруашылықтарды, яғни, үй шаруашылықтарын дамытып, үлкен компаниялар деңгейіне жеткізу керек...

– Бұл мәселені бір сөзбен ғана айтуға болмайды. Өйткені, бұл – жан-жақты тақырып. Бірінші кезекте біз малдың басын көбейту мәселесін қолға алуымыз керек. Атақты Карл Маркс «Біріншіден, санын көбейтіп, кейін сапаға көшу керек» деген екен. Бұл – экономиканың заңы.

– Бірінші кезекте деп қалдыңыз. Мұнан кейінгі саты қандай?

– Иә, бірінші кезекте малдың басын көбейтіп алуымыз керек. Содан кейінгісі – саннан сапаға көшу. Мәселен, ірі қараны мысалға алайық. Мен бір кісіні білемін. Қарапайым сиырлар асырайды және сүт сатады. Қарапайым сиыр бір күнде әрі кетсе, 5-6 литр сүт береді. Оның 10-15-тей сиыры болатын. Енді олар 6 литрден бергенде бір күнде 90 литр сүт болады. Бір уақыттары ол сол ірі қараның барлығын сатты да, орнына 8 бас сүт бағытындағы сиыр әкелді. Ол сиырдың әрбірі күніне 14-15 литрден сүт береді. Енді есептенің, ол жем-шөпті бұрынғыдан екі еседей аз пайдаланады. Ал бірақ сүтті бұрынғыдан әлдеқайда көп алады. Мысалы, 8 басқа 120 литр



қойып жатыр. Ол дұрыс. Бір жағынан біз өзімізді, отандастарымызды ойлауымыз керек. Олардың қалтасына қиындық түспеуі керек. Бұл – уақытша шектеу. Енді қайда сатуға болады? Мәселен, қаланың ішінде, яғни, айналасында тойханалар жетерлік. Олар қанша ет тұтынатынын зерттеуге болады. Одан бөлек, қанша соғым сойылады, қанша той болады? Мұның барлығын есептеу керек.

Ал енді экспортқа шығаруға келейік. Әлгіңде біз айтқан ірі шаруашылықтардың жұмысы осы ауқымда қызады. Өйткені, бұл бағыттың өзінің талабы бар.

Біз бұл жерде өзіміздің нарығымызды іздеуіміз керек.

әкелмейді. Сондықтан несиелендіру мәселесін қарастыру керек. Ол ұзақ мерзімде болуы керек. Бізде жақсы бағдарламалар бар. Мәселен, «Даму» қоры 80%-дық кепілдігін жауып береді. Өте керемет бағдарлама. Бірақ оны біз үй шаруашындағыларға бағыттауымыз керек. Кез келген нәрсенің қайтарымы болуы керек. Қаражат айналып, қайта оралғаны жөн. Ол – экономиканың заңы.

Ауылдағы үйдің құны 5 млн теңге болса, оған 5 млн теңге несие берсе алмайды және беруге де болмайды. Егер де несие 100% нарықтық бағасымен берсе, онда ол тегін берген болады. Сонда «ма, ала ғой» деп кепіл мүлкін

Инклюзив: педагог-ассистент оқушы дербестігін қалыптастырудың негізгі тетігі

Бүгінгі заманғы білім беру жүйесі барлық білім алушыларға тең мүмкіндік беруді басты мақсат етеді. Осы тұрғыдан алғанда, инклюзив білім беру ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды жалпы білім беру ортасына кіріктіріп қана қоймай, олардың тұлғалық дамуын, өз мүмкіндігін сезінуін қамтамасыз ететін маңызды бағыт.

Инклюзив сыныптағы педагог-ассистенттің қызметі осы үдерісте ерекше мәнге ие. Ол білім алушыға тұрақты көмек көрсететін тұлға ретінде емес, оның дербестігін біртіндеп қалыптастыратын негізгі тетік ретінде қарастырылады. Білім алушы дербестігі – баланың өз оқу әрекетін ұйымдастыра алуы, шешім қабылдауы, жауапкершілік алуы және әлеуметтік ортада өз орнын табуы. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар үшін бұл қасиеттер өздігінен қалыптаса қоймайды, сондықтан мақсатты педагогикалық қолдауды талап етеді. Дәл осы жерде педагог-ассистенттің рөлі айқын көрінеді. Ол білім алушыға тапсырманы орындауда бағыт-бағдар беріп, көмектік көлемін біртіндеп азайта отырып, баланы өз бетімен әрекет етуге үйретеді.

Педагог-ассистенттің инклюзив сыныптағы рөлі

Инклюзив сыныпта педагог-ассистент мұғалім мен білім алушы арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Ол оқу тапсырмаларын білім алушының жеке

ассистент белсенді көмектен бағыттаушы, бақылаушы рөлге көшеді. Бұл тәсіл білім алушының өз күшіне деген сенімін арттырып, дербес әрекетке ынталандырады.

Төмендегі кестеде педагог-ассистенттің әрекеті мен білім алушы дербестігінің қалыптасуы арасындағы байланыс көрсетілген.

Педагог-ассистенттің әрекеті	Білім алушыда қалыптасатын дербестік дағдылары
Тапсырманы қадамдарға бөлу	Жұмысты жоспарлай білу
Алғашқы кезде үлгі көрсету	Үлгіге сүйеніп өз бетімен орындау
Көмек көлемін біртіндеп азайту	Өзіндік шешім қабылдау
Таңдау жасауға мүмкіндік беру	Жауапкершілік сезімінің артуы
Өзін-өзі тексеруге бағыттау	Өзін-өзі бақылау, рефлексия
Әлеуметтік қарым-қатынасқа ынталандыру	Қоғамдық ортада еркін әрекет ету

ерекшелігіне бейімдеп, күрделі әрекеттерді жеңіл әрі түсінікті қадамдарға бөледі. Ассистенттің басты міндеті – білім алушыны өзіне тәуелді етіп қою емес, керісінше, оның ішкі әлеуетін ашу. Уақыт өте келе педагог-

Білім алушы дербестігін қалыптастыру педагог-ассистент пен мұғалімнің бірлескен жұмысы арқылы нәтижелі жүзеге асады. Мұғалім оқу мақсаттарын белгілеп, жалпы оқу үдерісін ұйымдастырса,

педагог-ассистент сол мақсаттарға жетудің жеке, икемді жолдарын жүзеге асырады. Екі маманның өзара келісілген әрекеті білім алушыға көрсетілетін қолдаудың шамадан тыс немесе жеткіліксіз болмауын қамтамасыз етеді. Бұл білім алушының өз мүмкіндігін толық ашуына жағдай жасайды.

Қорытындылай келе, инклюзив сыныптағы педагог-ассистент білім алушы дербестігін қалыптастырудың негізгі тетігі. Ол білім алушыға дайын шешімді ұсынбай, өздігінен әрекет етуге, жауапкершілік алуға және белсенді болуға үйретеді. Педагог-ассистенттің жүйелі және мақсатты қолдауы нәтижесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы оқу үдерісінің толыққанды қатысушысына айналып, болашақта қоғамда өз орнын таба алатын дербес тұлға ретінде қалыптасады. Сондықтан педагог-ассистент қызметін дамыту және оны инклюзив білім беру жүйесінде тиімді пайдалану бүгінде өзекті міндеттердің бірі.

Луиза БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
№212 мектеп-гимназиясының педагог-ассистенті

ШЫҒЫНЫ ДА, ШЫҒЫСЫ ДА ШЕКСІЗ ИМПОРТ ПЕН ЭКСПОРТ

Басы 1-бетте

Импортқа тәуелділік дегеніміз – елдің негізгі қажеттіліктерін сырттан сатып алу арқылы қамтамасыз етуі. Яғни, өзің өндімейсің, амалың жоқ, басқа мемлекеттен сатып алуға мәжбүрсің. Қарап тұрсақ, бұл тұтас елдің қаражат қағып түсіретін көк шығын. Назар аударыңыз, бұл тек экономикалық көрсеткіш ғана емес, ұлттық қауіпсіздікке де тікелей әсер ететін маңызды фактор.

Мәселен, қарапайым тұрмыстық техникадан бастап күрделі өндірістік станоктарға дейін шетелдік өнімдерге сүйенеміз. Автокөліктердің басым бөлігі импортталады. Ауыл шаруашылығы саласында қолданылатын техниканың өзі көбіне сырттан әкелінеді. Бұл жағдай ішкі өндірістің әлсіздігін ғана емес, ғылыми-техникалық базаның жеткіліксіздігін де көрсетеді.

Импортқа тәуелділіктің басты себептерінің бірі – экономиканың шикізаттық бағытта қалыптасуы. Кеңес дәуірінен бері Қазақстан табиғи ресурстарды өндіруге маманданған

индикатор. Яғни Қазақстан әлемдік нарықта дайын өнім өндіруші емес, шикізат жеткізуші ролінде ғана қалып отыр. Мұндай құрылым ұзақ мерзімді даму үшін тиімсіз. Түптеп келгенде, шикізаттың өзі шексіз емес қой.

Қазақстандық тауарлардың негізгі сатып алушыларына назар аударсақ, Италияның үлесі 19%-ды құрайды. Одан кейін Қытай 14,3%-бен, Ресей 8,6 %-бен келеді. Франция, Нидерланд және Түркия да маңызды серіктестер қатарында. Бұл елдерге негізінен шикізат экспортталады. Ал керісінше, Қазақстанға тауар жеткізетін елдердің ішінде Қытай мен Ресей көш бастап тұр. Қытайдың үлесі 33,9% болса, Ресей 29,2%-ды құрайды. Бұдан бөлек Германия, АҚШ, Оңтүстік Корея және Түркия да негізгі импорт көздері саналады.

Бұл көрсеткіштер Қазақстанның жаһандық экономикалық жүйеде қандай орын алатынын көрсетеді. Біз дамыған және индустриялық мемлекеттерге шикізат жеткізіп, солардан дайын өнім сатып алатын елдер қатарындамыз. Яғни қосымша құнды өнім өндіру тізбегінің төменгі сатысында қалып отырмыз. Ашығын айтқанда, өзіміз баюдың орнына өзгені байытып отырмыз. Қарапайым қойнауымыздағы қара



аймақ ретінде дамыды. Тәуелсіздік алғаннан кейін де бұл бағыт айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ. Мұнай мен металдарға деген әлемдік сұраныс жоғары болғандықтан, мемлекет осы секторға басымдық берді. Нәтижесінде, өңдеуші өнеркәсіп пен жоғары технологиялық өндіріс назардан тыс қала берді де, бүгінгі көтеріп отырған тақырыбымызға мұрындық болды.

Тағы бір маңызды себеп – ғылым мен білім саласына жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбеуі. Бөлінеді делік, бірақ неге осы аталған салада мардымды нәтиже жоқ? Ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобалар өндіріс пен экономикаға нақты ықпал ете алмай отыр.

Қазақстан экспортының құрылымына терең үңілген сайын, ел экономикасының әлі де шикізаттық сипаттан арыла алмай отырғаны айқын байқалады. Шетелге шығарылатын өнімдердің шамамен жартысы мұнай мен мұнай өнімдеріне тиесілі екені көп нәрсені аңғартады. Нақтырақ айтсақ, экспорттың 49,1%-ы дәл осы қара алтынның үлесінде. Одан кейін рафинирленген мыс 6,6%-ды, мыс кендері мен концентраттары 3,7%-ды, феррокорытпалар мен бидайдың әрқайсысы 3,2%-ды құрайды. Бұл сандар жай ғана статистика емес, экономиканың қай бағытта тәуелді екенін көрсететін нақты

алтынды өңдеп үйренсек пайда көрер едік.

Импорттың жалпы құрылымына қарасақ, оның басым бөлігі тұтынушылық сипатта екенін көреміз. Жеңіл автомобильдерге 1,68 миллиард доллар жұмсалса, дәрі-дәрмекке 1,19 миллиард доллар кеткен. Электрлік телефон және телеграф құрылғыларына 866 миллион доллар, киім мен трикотаж бұйымдарына 828,7 миллион доллар, автокөлік бөлшектеріне 715,2 миллион доллар, ал компьютер және акпараттық техникаға 642 миллион доллар жұмсалған.

Фармацевтика – тәуелді болудың бір мысалы. Қазақстанда дәрі-дәрмек өндіретін кәсіпорындар бар болғанымен, ішкі нарықтағы дәрілік заттардың 70%-дан астамы импорт арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл денсаулық сақтау жүйесінің де сыртқы факторларға тәуелді екенін білдіреді. Құдай сақтасын, бірақ әлемде дағдарыс немесе жеткізу тізбегінде қандай да бір үзіліс орын алса, халықтың халі не болмақ?

Сол сияқты тұрмыстық техника мен смартфондар нарығы да толықтай дерлік сыртқы өнімдерге тәуелді. Қазақстанда бұл салаларда толыққанды өндіріс қалыптаспаған. Ал ауыр техника, экскаваторлар мен өнеркәсіптік жабдықтарға келсек, бұл бағытта миллиардтаған доллар шетелге кетіп жатыр.

Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы сауда да осы үрдісті қайталайды. Қаңтар айында Қазақстанның ЕАЭО елдерімен тауар айналымы 2,16 миллиард долларға жетіп, бір жылда 15,4%-ға өскен. Бірақ осы сауданың 89%-ы Ресейге тиесілі. Бұл – экономикалық байланыстардың бір елге шамадан тыс тәуелді екенін көрсетеді.

Импортқа тәуелділіктің салдары да аз емес. Ең алдымен, бұл ұлттық экономиканың тұрақсыздығына әкеледі. Әлемдік нарықтағы баға өзгерістері, геосаяси жағдайлар немесе логистикалық қиындықтар импортқа тәуелді елдерге қатты әсер етеді. Түптеп келгенде қара халықтың жағдайы жақсармайды.

Сонымен қатар импортқа тәуелділік ішкі өндірістің дамуын тежейді. Себебі нарықта шетелдік өнімдер басым болған жағдайда, отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі төмендейді. Бұл өз кезегінде жұмыс орындарының азаюына, экономикалық өсімнің баяулауына алып келеді. Ал керісінше, елімізде өндірістік орындар көбейсе, халықтың жағдайы жақсарар еді. Екі қолға бір күрек таппай жүрген ел азаматтары адалынан наным тауып, тағы бір мәселемізді артта қалдырар едік...

Осы тұста басты сұрақ туындайды. Қазақстан неге өз байлығын толық пайдаланып, өндірісті дамытпай отыр? Жауап күрделі әрі көпқырлы. Біріншіден, инвестициялық саясаттың тиімділігі мәселесі бар. Көптеген шетелдік инвестор Қазақстанға келіп, негізінен шикізат секторына қаржы құяды. Себебі бұл сала тез пайда әкеледі.

Екіншіден, мемлекеттік саясаттың басымдықтары да маңызды рөл атқарады. Егер мемлекет нақты бағыттарды айқындап, сол салаларды жүйелі түрде қолдаса, онда нәтиже де болады. Мәселен, бүгінде Қазақстан машина жасауды қолға алды. Сол қарқынды жалғастырып, басқа да салалардағы өндірісті дамытқан дұрыс.

Үшіншіден, адами капитал мәселесі өзекті. Жоғары білікті мамандарсыз ешқандай өндіріс дамымайды. Сондықтан білім беру жүйесін заман талабына сай реформалау қажет. Тек теориялық білім емес, практикалық дағдыларға да басымдық беру керек. Жастарды инженерлік, техникалық мамандықтарға ынталандыру маңызды. Біздің елде техника басқаратын мамандар аз, көбіне шет ел азаматтары келіп жұмыс істейді. Бұл да бір мәселе.

Импортқа тәуелділікті азайтудың бір жолы – индустрияландыру саясатын жеңілдету көтеру. Бұл тек зауыттар салу емес, толыққанды өндірістің экожүйе қалыптастыру деген сөз. Яғни шикізатты өндіруден бастап, оны өңдеп, дайын өнім шығаруға дейінгі барлық кезеңдер ел ішінде жүзеге асуы тиіс. Сонда ғана қосымша құн ел экономикасында қалады.

Мысалы, Қазақстан мыс өндіру бойынша әлемдегі ірі елдердің бірі. Бірақ сол мысты толық өңдеп, жоғары технологиялық өнімдер шығару деңгейі әлі де төмен. Егер осы бағытты дамытсақ, онда тек шикізат сатумен шектелмей, дайын өнім экспорттайтын елге айналар едік. Бұл экономикаға әлдеқайда көп пайда әкеледі.

Сол сияқты ауыл шаруашылығы саласында да үлкен мүмкіндік бар. Қазақстанның кең алқаптары органикалық өнім өндіруге қолайлы. Алайда біз көбіне шикізат күйінде экспорттаймыз да, дайын өнімді қайтадан импорттаймыз. Бұл қисынсыз экономикалық модель.

Сонымен қатар шағын және орта бизнесті қолдау да ерекше мәнге ие. Себебі көптеген дамыған елде дәл осы сектор экономиканың негізін құрайды. Егер отандық кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасалса, олар импортты алмастыратын өнімдер шығара алады.

Импортқа тәуелділік мәселесі тек экономикалық емес, идеологиялық сипатқа да ие. Бұл қоғамның өз күшіне деген сеніміне байланысты. Егер біз өзіміздің мүмкіндігімізге сенбесек, онда әрдайым сыртқа «жәутендеп» өтеміз. Ал ұлттық санада «біз кімнен кембіз?» деген түсінік қалыптасса, онда жағдай оңалары анық.

Осының бәрі бір ғана шындықты меңзейді. Қазақстан табиғи ресурстарға бай болғанымен, сол байлықты толыққанды экономикалық артықшылыққа айналдыра алмай отыр. Шикізат өндіру бар, бірақ оны терең өңдеу жоқтың қасы. Ғылым бар, бірақ ол өндірістен алшақ. Кәсіпкерлік бар, бірақ оның мүмкіндігі толық ашылмаған.

Егер Қазақстан осы бағыттан өзгермесе, онда ел экономикасы әрдайым сыртқы нарықтардың ықпалында қала береді. Ал шынайы тәуелсіздік тек саяси шекарамен өлшенбейді. Ол экономикалық дербестікпен, технологиялық мүмкіндіктермен және ішкі өндірістің қуатымен анықталады. Сондықтан бүгінде импортқа тәуелділік мәселесі шешіміз қалмауы керек. Қолда бардың қадірін біліп, темірді қызған кезде соғып үйренейік.

Нұршат НЫШАНОВА



ӘДІЛДІККЕ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ЕРІКТІЛЕР

Жуырда елдегі маңызды саяси нақарның бірі – референдум өтті. Бұл жолы да азаматтық қоғам өкілдері мен жастар ұйымдары сайлау учаскелеріндегі процесі бақылауға белсенді қатысты.

Солардың бірі – «Халық үні» жастар қозғалысы. Бақылаушылардың негізгі міндеті қандай? Осы тақырып жөнінде жастар қозғалысының бақылаушы координаторы Жанарыс Тубекбаевпен сұхбаттастық.

– **Жанарыс, референдумға сіздердің тараптан неше бақылаушы қатысты?**

– Рақмет, біздің басты мақсатымыз – еліміздегі саяси нақандардың әділ, ашық әрі заңды өтуіне жастардың үлесін қосу. 15 наурызда өткен референдумға «Халық үні» жастар қозғалысы азаматтық қоғамның белсенді өкілі және әділдіктің кепілі ретінде қатысты. Біздің басты рөліміз – дауыс беру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін ерікті түрде тәуелсіз бақылау жүргізу. Мақсатымыз – жастарды ел тағдырына бей-жай қарамауға шақыру, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру және референдум барысында заңбұзушылықтарға жол бермеу үшін сайлау учаскелерінде азаматтық бақылау ұйымдастыру.

Ел үшін маңызды күні біздің де мамандар жұмыс істеп, жалпы 107 учасқт қамтылды.

– **Ал «Халық үніне» бақылаушылар қалай іріктелді?**

– «Халық үні» қозғалысында тәуелсіз бақылаушыларды іріктеу процесі бірнеше кезеңнен тұрады. Әуелі еріктілерді қабылдау жүреді. Яғни ел болашағына алаңдайтын, 18 жасқа толған кез келген белсенді азамат өтінім қалдыра алады. Кейін арнайы оқыту жұмыстарын бастаймыз. Іріктелген еріктілер сайлау заңнамасы, бақылаушының құқықтары мен міндеттері, конфликт жағдайда өзін қалай ұстау керек екені бойынша семинар-тренингтерден өтеді. Заңнаманы жақсы меңгерген, объективті әрі бейтарап көзқарастағы кандидаттар іріктеліп алынады. Соңғы процесс, әрине, құжатқа байланысты. Тренингтен сәтті өткен еріктілерге референдум күні ресми түрде бақылау жасауға құқық беретін құжаттар (сенімхат, жолдамалар) табысталады.

– **Олардың сайлау немесе референдум процесіндегі негізгі міндеттері қандай?**

– Бақылаушылар – референдум немесе сайлау процесінің заңға сәйкес, әділ әрі ашық өтуін қадағалайтын, арнайы дайындықтан өткен тәуелсіз азаматтар. Біздің қозғалыста бақылаушылар бұл қызметті толықтай ерікті негізде атқарады.

Олардың негізгі қызметтеріне тоқталсақ, сайлау учаскесі ашылғаннан бастап, дауыс санау аяқталғанға дейін процесі бастан-аяқ қадағалау, дауыс беру кезінде азаматтардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету, бір адамның бірнеше рет дауыс беруі, үгіт-насихат материалдарының болуы секілді кез келген заңбұзушылықты тіркеп, сайлау комиссиясының төрағасына ескерту немесе тиісті актілер толтыру, дауыс санау процесінің ашықтығын бақылап, қорытынды хаттаманың көшірмесін алу.

Тәуелсіз бақылаушының жұмысы мен маңызын ысырып қою мүмкін емес. Себебі бақылаушылар референдум қорытындысына деген халықтың сенімін қалыптастырады. Бақылаушының учаскеде отыруының өзі түрлі құқық бұзушылықтар мен фальсификациялардың алдын алады. Сонымен қатар азаматтық қоғамның дамуына да әсер етеді. Бұл халықтың, әсіресе жастардың, саяси процесстерге тікелей араласып, өз еліндегі шешімдерге ықпал ете алатынын көрсетеді. «Халық үні» сияқты қозғалыстардың еріктілері өз уақытын бөліп, мемлекеттің демократиялық дамуына нақты, іс жүзінде үлес қосады.


– **Демек барлығы жіті бақыланады ғой?**

– Иә, біздің тәуелсіз бақылаушылар процесінің барлық кезеңін жіті назарда ұстайды. Мысалы учаске ашылғанда сайлау жәшіктерінің бос болуын және олардың көз алдында мөрленуін, әр сайлаушының тек өз жеке куәлігімен ғана бюллетень алуын, дауыс беру кабинасында құпиялықты сақталуын (кабинаға екі адамның кірмеуін), «карусель» (бір адамның бірнеше учаскеде дауыс беруі) немесе жәшікке бірден бірнеше бюллетень тастау сияқты бұзушылықтардың болмауын, жылжымалы жәшікпен кеткен комиссия мүшелерімен бірге барып, үйде дауыс берушілердің тізімге сәйкестігін тексеру секілді кезеңдерде бақылаушылар қырағы болу керек. Сонымен қатар дауыс санау кезінде жәшіктердің ашылуын, әрбір бюллетеньнің анық көрсетіліп саналуын және қорытынды хаттаманың дұрыс толтырылуын бақылайды.

– **Жауабыңызға рақмет!**

Сұхбаттасқан Инжу МАРЖАН

Суреттер ашық дереккөзден алынды



«СТРАНДЖА КУБОГЫ» СПОРТШЫЛАР СЫНАЛҒАН СӘТ



Жуырда Болгарияда бокстан «Странджа кубогы» халықаралық турнирі өз мәресіне жеткен еді. Турнирде Қазақстан ұлттық құрама сапындағы 39 боксшымыз бақтарын сынады. Нәтижесінде 9 медальға қол жеткізіп, оның төртеуі алтын болды. Олардың биылғы өнері өткен жылмен салыстырғанда шикілеу көрінді. Көпшіліктің көңілі тоя қоймады. Ринг жаңа есімдермен толысқанымен, сенімді ақтамағандар да баршылық.

Ерлер арасындағы бәсекеде 19 қазақстандық батыр қолғап шебері өнер көрсетті. Өкініштігі, екеуі ғана тұғырға көтеріле алды. 50 келіде Даниал Сабит финалда эзербайжандық Биалхабаши Назаровты жеңіп, чемпион атанды. Бұл — ерлер құрамасындағы жалғыз алтын. Ал 70 келіде Фарух Токтасынов финалда дейін сенімді жеткенімен, шешуші айкаста америкалық Лавант Браунлиге есе жіберіп, күміспен шектелді. Қалған боксшылар жартылай финалда да өте алмады.

Бұл додада әйелдер құрамасы ерлер құрамасына карағанда сәтті өнер көрсетіп, үш алтын, бір күміс және үш қола медаль жеңіп алды. Алтын медальды иеленгендердің қатарында Элина Базарова (54 келі), Надежда Рябец (80 келі) және Валерия Аксенова (80+ келі) бар. Базарова финалда Англиядан келген Лорен Маккиді, Рябец Түркиядан келген Ярен Дустансты, ал Аксенова өзбекстандық Олтина Сотимбоеваны жеңді. Күміс медаль Фарух Токтасынов (70 келіге дейін) және Лаура Есенкелдіге (65 келіге дейін) бұйырса, қолашы Әнел Сақыш (54 келіге дейін), Валентина Халзова (75 келіге дейін) және Дина Исламбекова (80 келіден жоғары) қанжығалады.

Спорт журналисі Аслан Қаженовтің айтуынша, бұл турнир боксшыларымыздың халықаралық сынақтан өткізуге жақсы мүмкіндік болды.

— Болгариядағы бокс бәсеке-сі аяқталып, елге енді жетіп жатырмыз. Иә, нәтиже көңіл көншітпейді. Бірақ бұл жолғы құраманың шама-шарқы осы. Нуржан Насанов екі халықаралық турнир арқылы барлық бақылау тексеріп шықты. Ұлттық құрамада 42 жігіт болса, түгелге жуығы шаршы алаңға шығып, бағын сынады. Ел ішінде спарринг жасағаннан гөрі, халықаралық деңгейде сынақтан өткізу әлдеқайда тиімді шешім.

Тізгінді қолға алған соң, бапкер үшін ең маңыздысы — резервті толық көру. Осы жағынан алғанда, міндет орындалды деуге болады. Біреулер үмітті ақтамады. Біреулер сенімнен шықпады. Біреулер, тіпті, жанкүйер алдында ұятқа қалды. Олардың әрқайсысына жеке-жеке қорытынды жасалатыны анық, — дейді Аслан Қаженов.

Ол тағы бір сөзінде күтпеген жерден көзге түскен жастар бар екенін айтты. «Олар қиын қарсыластармен тайсалмай айкасып, мінез көрсетті. Ондай боксшылар бапкерлік штабтың «дәптерін» міндетті түрде түргізді», дейді ол.

— Соңғы күні бас бапкердің өзін сырттай бақыладым. Салқынқанды. Эмоцияға берілмейді. Ұтылғанда да, жеңгенде де сабыр сақтайды. Бұл — жүйелі жұмыстың белгісі. Қазір дүр-беленге салынатын уақыт емес, сараптайтын кезең. Алдағы наурызда — Азия чемпионаты, қыркүйекте — Азия ойындары. Нағыз салмақ сол жарыстарда түседі. Бүгінгі нәтиже — тек аралық бақылау. Бас бапкердің жұмысына да, құраманың деңгейіне де нақты баға сол кезде беріледі. Өзірте

айтарымыз сабыр мен сәттілік, — дейді спорт журналисі.

Иә, кезекті маңызы жоқ халықаралық турнир деп бейжай қарауға болмайды. Нәтиже бар сияқты көрінгенімен, сапа мен мазмұн тұрғысынан сұрақ көп.

— Қазір көпшілік жаңа бас бапкерді ақтап алуға тырысады. «Жастар барды, резерв сыналды. Негізгі құрам Азия чемпионатына дайындалып жатыр» деген уәждер айтылып жатыр. Әрине құрамды сынау керек. Бірақ жыл сайын деңгейі төмендеп бара жатқан турнирден екі-ақ жүлдемен оралу — бәрібір де көңілге қаяу түсіреді. Біз үнемі салыстыратын өзбек құрамасы бұл жолы да нәтижемен жауап берді: жалпы есебі тоғыз медаль, оның үшеуі — алтын. Бес боксшысы финалда жүдырықтасты. Қанша мойындағанымыз келмесе де, қазір бокстан Өзбекстаннан қалып қойғанымыз — ащы шындық. Оған қоса төрешілер факторы тағы бар. Халықаралық рингте бізге бүйрегі

нөмірлі спортшыларын қосты. Оған қоса қатысушылар саны артып, бәсеке жоғары деңгейде өтті. Аталған турнир бізге қай тұста кемшілік барын, қай бағытта жұмыс істеу керектігін нақты көрсетті. Мәселен, 65 келі салмақта үш боксшыны сынап көрдім. 60 келіде Бейбарыс Жексен мен Руслан Күзеебаева мүмкіндік берілді. Өкінішке қарай, олар жарысты жеңіспен аяқтай алмады. Ауыр салмақта да кішігірім мәселелер бар. 80 келіде Санжарәлі Бегалиевті байқап көрдік, бірақ ол да жүлдеге жете алмады. Енді бапкерлер штабымен, федерациямен ақылдасып, шешім қабылдаймыз. Дегенмен негізгі құрамға қосыла алатын жас спортшылар бар. Олармен әлі де жүйелі түрде жұмыс жүргізу керек. Сондай-ақ бұл жарыс боксшыларымыз үшін тәжірибе болды. Олар әлем және Олимпиада ойындарында жолығы мүмкін басты қарсыластарын байқап көрді, — дейді бас бапкер.



бұра бермейтіні де жасырын емес, — дейді спорт сарапшысы Ақырыс Сейітқазы.

Өздеріңізге белгілі, 1 ай толмас бұрын бокстан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Қайрат Сәтжанов қызметінен кеткен еді. Иә, спорт саласында жүрген біршама сарапшыны бұл шешім толғандырмай қоймады. Оған себеп — жазғы Олимпиадаға уақыттың аз қалуы. Мұндай жағдай боксшылар түбегейлі жаңарту — тәуекелі мол шешім. Оның нәтижесі уақыт өте белгілі болады. Бірақ дәл қазір команда «өтпелі кезеңде» тұрғаны айдан анық.

— Иә, «Странджа» турнирін көпшілік бұрынғыдай мықты дода деп санамайды. Федерацияның бас хатшысы Мерей Ақшалов та бытыр сұхбатында бұл жарыстың беделі төмендегенін айтқан еді. Дегенмен ресми турнирлердің аздығын ескерсек, мұндай бәсекелер тәжірибе жинау үшін қажет. Испаниядағы Вокс турнирі мен Болгариядағы «Странджаға» қатыспаса амал жоқ. Өкініштігі, кіл мықтылар жиналмаған жарыстың өзінен жарытып нәтиже көрсете алмауымыз. Бұл — дабыл қағатын мәселе. Енді нақты жауапты Азия чемпионаты мен алдағы ірі додалар беруге тиіс, — дейді Ақырыс Сейітқазы.

Жарыс аяқталған соң Ұлттық құраманың бас бапкері Нуржан Насанов турнирді қорытындылап, спортшылардың өнеріне баға беріп, алдағы жоспарларын бөлісті.

— Бұл жарысқа көптеген ел бірінші нөмірлі спортшыларын алып келді. Біз екінші және үшінші құрамдағы боксшыларға мүмкіндік бердік. Өзбекстан құрамасы да бірінші және екінші

ЖАҢА МАУСЫМ: «ҚАЙСАРДЫҢ» ҚАРЫМЫ ҚАЛАЙ?



Футболдан ел біріншілігінің жаңа маусымы басталды. 2 тур артта қалды. Қазір екі ойында

да сенімді жеңіске жеткен алматылық «Қайрат» көш басында тұр.

Ал 11-аймақтың «Қайсар» футбол клубы 2 ұпаймен 11-орынға жайғасқан. Бізді қызықтыратыны — қасқырлардың алдағы жоспары. Әрине мақсат — чемпион атану. Жанкүйерлердің де тілегі сол. Сол үшін ел назарын аудартқан легионерлерді қатарға қосты, құрамды күшейтті,

бапкер ауыстырды. Бірақ барлығы біз ойлағандай бола ма?



Кейінгі жылдары түрлі қиындықтан көз ашпай қойған жергілікті клубтың келешегіне жанкүйерлер алаңдаулы болғаны рас. Әсіресе өткен маусымнан бастап легионерден түбегейлі бас тартқанда азды-кем дау болғаны бар. Абырой болғанда жігіттер премьер-лигада қалды. Ал биылғы жылдан бастап бюджет қаржысына телмірмей жергілікті кәсіпкер, «Tau Group» ЖШС құрылтайшысы Исламғали Қозбақовтың иелігіне өтті. Өңірде Мемлекет басшысының қолдауымен стандартқа сай 11 мың орындық «Kaysar Arena» стадионы пайдалануға берілді. Ендігі жанкүйерлер талай жыл түрлі кедергіге тап болған аяқдопшылардың осы маусымда мүмкіндігі артып, жеңісті жорығы аз болмайтынына сеніммен қарап отыр. Жекенің қолына өткен жергілікті клубтың мүмкіндігі бұрынғыдан да арта түсетініне күдіктен гөрі үміт басым.

Жаңа маусым басталар алдында жергілікті жігіттер Біріккен Араб Әмірлігі мен Түркия елінде маусым алдындағы жаттығу жұмыстарын жүргізген. Клубтың тізгінін ұстаған Андрей Ферантов бапкер командадағы жігіттердің ел біріншілігіне сакадай сай екенін айтқан болатын. Осылайша алғашқы турды жаңа стадионда өткізіп, астаналық «Женіс» командасының қабилдылығы алғашқы таймның аяқталар соңында команда қорғаушысы Әділет Кенесбек есепті ашып, жаңа маусымдағы қасқырлардың алғашқы голын соққан. Бірақ ойынның екінші жартысында Нұрымжаев Салайдин қорғаған қақпаға қарай айып добы белгіленіп, қарбалас арасында қорғаушы Нияз Ідрісов гол соғып, таразы басы теңесті. Осылайша қо жұым тең тарқасып, 1 ұпайды қанағат қылған. Аталған кездесуде көпшілік асыға күткен биылғы жылдың топ трансфері Виктор Мозес алаңға шықпады. Есесіне екінші ойында нигериялық ойыншыны алаңнан көрдік. Ол туралы сәлден соң тоқталамыз.

Иә, араға бір апта салып екінші елордалық клуб Сыр еліне табан тіреді. Бауыржан Исламхан, Марин Томасов, Абзал Бейсебеков бастаған жігіттерден «Kaysar Arena» стадионында 3 ұпай қоржынға салсақ деген дәмеміз болған. Бірақ «Астана» клубынан ұпай алу оңай болмайтыны анық болды. Алғашқы алғашқы таймда сәтті шабуылдар ұйымдастырып, Мұхамеджан Сейсен қорғаған қақпаңың осал тұсын іздегенмен болмады. Оқтын-оқтын бұрыштамадан Томасов доп асырғанда көзімізді жұмып отырғанымыз рас. Мұнан бөлек команда капитаны Нұрымжан Салайдин тамаша сейфтерімен көзге түсті. Нұрдаулет Ағзамбаев, Айбол Әбікеннің тамаша мүмкіндіктері де мүлт кетіп жатты. Мұнан бөлек Сағи Совет, Батырхан Төжібай мен Томас Джонстың көзге түсетіндей болған. Бірақ, болмады. Ойынның 64-минутында жанкүйерлер асыға күткен Виктор Мозес алаңға қосылды. Бір мәрте тамаша шабуыл ұйымдастырған, бірақ соққы қақпадан елтіп қиыс кетті. Алайда нигериялық ойыншының алаңдағы қозғалысы көп жанкүйердің көңілінен шықпағаны рас. Дегенмен «алғашқы ойыны ғой» деп өздерін жұбатқандай болды. Осылайша 90+5 минут артта қалып, бұл жолыда жаңа аренадағы ойын тең аяқталды. Қазір қасқырлар 2 ұпайды қоржындарына салып, ендігі алдағы апта Шымкент қаласының «Ордабасы» клубына қонаққа барады. Оңтүстік

Бұл ойыншы мансабында белгиялық «Стандарт», «Андерлехт», испан чемпионатында «Лас-Пальмас», Біріккен Араб Әмірлігінің «Әл-Жазира», «Әл-Зафра» сынды командаларда доп тепкен. Сондай-ақ Нигерия құрамасының намысын қорғап, Рио Олимпиадасының қола жүлдесін жеңіп алған.

Алғашқы екі турда ерекше көзге түскен ойыншылардың бірі — Амир Мохаммад. «Астана» командасымен ойында Марин Томасовты ұстап, жанкүйерлердің ықыласына бөленгені тағы бар. Ресейлік «Анжи» футбол клубының түлегі болған ол бұған дейін «Химки» мен «Балтика» сапында өнер көрсеткен. Ресей ұлттық лигасының екі дүркін жеңімпазы.

Жаңа маусым басталмас бұрын чилилік Томас Джонс қатарға қосылғанда жанкүйерлердің қатты қуанғаны бар. Бірақ «Женіс» командасымен ойында бос қақпаға гол соға алмағанда бұл ойыншының өткен маусымда «Копиано» сапында доп теуіп, 14 гол соққанына күмәнмен қарағандар болды. Бірақ бұл әлі басы. Алда әлі талай маңызды ойын күтіп тұр. Томас Джонстың алдағы кездесулерде қасқырларға 3 ұпай сыйлайды деген сенім жоқ емес.

Басты мақсат — «Қайсар» жігіттерінің маусым бойы мінез көрсетіп, чемпиондық атаққа таласуы. Ендеше жанкүйерлерін қуантып, жаңа жетістікке жетелейтін сәтті жорық болуына тілектеспіз.



Бетгі дайындаған Абзал ЖОЛТЕПЕР

Екі күн ғана қалды... Үлгеріңіз, театр сүйер қауым! Бүгін «Шырмауық» моноспектаклі мен «Шанель №5» деректі драмасы, ал ертең «Құстар фестивалі» музыкалық қойылымы өтеді.



«NARTAI THEATRE FEST — 2026» ШАҚЫРАДЫ



Бұл қойылымдардың орны бұрынғыдан өзгеше десек артық емес. Себебі Қызылордада алғаш рет театршілік фестиваль өтіп жатыр. 16 наурыз басталған «Nartai Theatre Fest – 2026» 20 наурызға дейін жалғасады. Бес күнде үздік тоғыз қойылым ұсынылады. Мұның барлығын Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры ұйымдастырды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, фестивальдің басты мақсаты – театр өнерінің

дамуына серпін беру, көрерменге түрлі жанрдағы қойылым ұсынып, мамандар арасында тәжірибе алмасуына жағдай жасау. Қатарынан бес күн өтетін мәдени шараның алғашқы үш күнінде көрермен «Абай» трагедиясын, «Кім?» мистикалық трейлерін, Э.Распенің «Мюнхгаузенинің әлемі» атты ертегісін, Ақберген Елгезектің «Болмаған балалық шағын», «Ұсқынсыз үйрек» пен «Кездесу мен қоштасу» драмасын тамашалады.

Ал жабылу рәсімінде арнайы номинациялар табысталады. Олардың қатарында «үздік ер бейнесі», «үздік әйел бейнесі», «үздік қойылым», «үздік актерлік ансамбль», «екінші пландағы үздік әйел бейнесі», «үздік балалар қойылымы», «үздік сценография» мен «үздік режиссер» номинациясы бар. Алматыдан арнайы келген сарапшы, өнертану докторы, профессор Бақыт Кәкіқызы театр ұжымының еңбегі мен жетістігін тілге

тиек етіп, фестивальдің жоғары деңгейде өтетініне сенімді екенін айтты. Сонымен қатар Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, өнертану кандидаты Зухра Исламбаеваның айтуынша, мұндай фестивальдер театр ұжымы үшін өте маңызды. «Nartai Theatre Fest – 2026» шақырады!

Инжу МАРЖАН



Бүгінде чипсіз көңілді отырыс пен кино көру кешін елестету қиын. Дүкен сөрелерінде самсап тұрған бұл жеңіл тағамның дәмін біріміз де татып көрдік. Дегенмен жиі тұтынатын осы өнімнің қалай пайда болғаны жайлы көпшілік ойлана бермейді. Егер бір америкалық байдың қыңырлығы болмағанда, әлем чипс атты снәкті мүлде білмеуі де мүмкін еді.

ҚЫҢЫР ТҰТЫНУШЫДАН БАСТАЛҒАН

ҚЫТЫРЛАҚ ЧИПСТЕР ТАРИХЫ

XVIII-XIX ғасырлар тоғысында Америка үшін нағыз «алтын дәуір» басталды. Өнеркәсіп қарқынды дамып, теміржол желілері салынып, байлар қоғамы қалыптаса бастады. Олар ағылшын ақуіктеріне өзінше қарсы тұрғандай, байлығын көрсетуден тайынбайтын, мол қаражат жұмсап, тіпті мүмкін емес затты талап ететін адамдар еді.

Жаз мезгілінде елдің ең ықпалды адамдары Нью-Йорк штатындағы Сараатога-Спрингс қаласына жиналатын. Мұнда іскерлік келіссөздер жүргізіліп, миллиондаған долларлық мәмілелер жасалып, салтанатты кешкі ас берілетін. Сол уақыттағы ең әйгілі орындардың бірі «Moon's Lake House» мейрамханасы еді. 1853 жылы осы мейрамхананың бас аспазы аты аңызға айналған Джордж Крам еді. Ол өз ісінің хас шебері саналатын. Мұнда келушілер «әлемде Крамнан асқан аспаз жоқ» деп бағалайтын. Дегенмен оның мінезі де өткір, ешкім оған қарсы келуге батпайтын.

«Moon's Lake House» мейрамханасына тек ең бай, ықпалды адамдар келетін. Әйелдер Париж сәнімен киініп, ерлер іскерлік әңгімелерін жүргізетін. Қонақтардың барлығы дерлік Крам әзірлеген тағамдарға сүйсінетін. Бірақ бір адам ғана көңілі толмайды. Аңыз бойынша, ол – сол кездегі Американың ең бай адамдарының бірі, кәсіпкер Корнелиус Вандербильт еді. Оның байлығы соншалық, қаласа Сараатога-Спрингсті түгел сатып алатындай мүмкіндігі болған деседі. Бірақ ол аспаз дайындаған тағамға риза болмаған.

Қырсық тұтынушы мен жаңа тағам

Ол кезде мейрамханада «французша картоп» деген тағам өте танымал еді. Бұл қазіргі фри картобының бір түрі болатын. Картоп ұзын әрі қалың етіп туралады,

сондықтан іші жұмсақ, сырты қытырлақ болып пісетін. Крам бұл тағамды ерекше шеберлікпен дайындайтын. Алайда Вандербильт картопты тым қалың деп санап, оны жұқалап кесуді талап етеді. Аспаз картопты жұқалау етіп дайындап қайта жібереді. Бірақ бай клиент тағы да наразы болып, тағамды кері қайтарды.

Сонда Крам ашуга бұлығын, картопты өте жұқа етіп тұрайды. Содан кейін оны қатты қуырып, шанышқымен іліп алу мүмкін болмайтындей күйге жеткізеді. Үстіне әдейі көп тұз сеуіп, «жеуге келмейтін тағам жасап, қыңыр байды орнына түсіремін» деп ойлайды.

Алайда бәрі керісінше болады. Вандербильт картопты шанышқымен ала алмай, қолымен алып жей бастайды. Қытырлаған дұбысы бүкіл мейрамханаға естіліп, өзгелердің назарын аударады. Бай кәсіпкер тағамды қатты ұнатып, тағы бір порцияға тапсырыс береді. Көп ұзамай басқа қонақтар да осы тағамды сұрай бастайды. Осылайша жаңа тағам «Сараатога чипстары» деген атпен тез танымал болып кетеді.

Мейрамханадан дүкен сөресіне дейін

Чипстың атағы шыққан соң Джордж Крам оны өз мейрамханаларында тұрақты түрде ұсына бастайды. Тіпті кейбір қонақтарға сый ретінде тегін беретін болған. Ол кезде картопты өте жұқа етіп тұрау, қуыру және дәмдеу көп уақыт пен еңбекті талап ететін. Сондықтан бұл тағам тек байлардың дастарханында ғана кездесетін. Көптеген адам Крамның мейрамханасына арнайы келіп, әйгілі картопты дәмін татуға тырысатын. Алайда чипсты жаппай өндіру оңай болмады. Өйткені ол өте сынғыш еді. Сол кездегі өнімдер көбіне бөшке немесе шыны ыдыста сатылатын. Мұндай тәсіл чипсқа

жарамайтын, үстіңгі қабаттың салмағынан астыңғысы сынғып кететін.

Мәселені шешімін күтпеген жерден Лора Скадлер атты әйел табады. 1920 жылы ол чипсты дүкендерде сатудың жаңа әдісін ойлап тапты. Лораның отбасы жергілікті тұрғындарға чипс дайындайтын, бірақ оны басқа қалаларға жеткізу қиын еді. Өйткені чипс тез ылғалданып, қытырлақтығын жоғалтатын.

Бір күні Лораның көзі балауыз сіңірілген қағазға түседі. Ол көмекшілеріне қағаздан пакет жасап, шеттерін үтікпен қыздырып жабыстыруды тапсырады. Ішіне чипс салынып, үсті де сол тәсілмен жабылады. Осылайша чипсқа арналған алғашқы қағаз қаптама пайда болды. Бұл өнімді елдің кез келген өңіріне жеткізуге мүмкіндік берді.

Алуан түрлі дәм

Алғашында Крам чипсты тек үш ғана өнімнен – картоп, май және тұздан дайындаған. Бір ғасырға жуық уақыт бойы чипс дәл осы күйінде сатылды. Аспаздар түрлі дәмдеуіш қосса, тағамның құрылымы бұзылады деп қауіптенетін.

Тек XX ғасырдың ортасында жағдай өзгереді. Ирландиялық кәсіпкер Джо Мерфи шағын чипс фабрикасын басқарған. Бірақ ол бұл тағамның бір ғана дәммен шектелуін ұнатпайды. Сондықтан химиктер тобын жалдап, жаңа дәм қосу технологиясын жасауды тапсырады. Нәтижесінде алғашқы жаңа дәмдер пайда болды: «Ірімшік пен пияз», «Сірке суы мен тұз». Бұл сол кезең үшін үлкен жаңалық еді. Кейін чипстың түр-түрі, сан алуан дәмі шығарыла бастады.

Бүгінде дүкен сөрелерінде жүздеген түрлі дәмдегі чипс бар. Ал оның тарихы қарапайым ғана үш ингредиенттен – картоп, тұз, май және қыңыр тұтынушыдан басталған еді.

А.Маратқызы

НАУРЫЗ КӨЖЕ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Көктеммен бірге қазақ даласына ерекше жылылық пен жаңару рухы өнеді. Табиғат қайта гүлеп, жер бусанып, тіршілік атаулы жаңа тыныс алады. Қазақтың «жаңа жылы» дерсің. Халық ежелден Наурыз мейрамын тойлап, бір-біріне ақжарма тілектер айтып, дастарқан жайған. Сол дастарқанның басты тағамы әрі мерекенің символына айналған ас – наурыз көже. Бұл тағам жай ғана ас емес, халықтың дүниетанымы мен өмір философиясын білдіретін ұлттық мұра.

Наурыз көже көктемгі жаңару идеясын бейнелейді. Қазақ халқы жыл басын 22 наурыздан бастайды. Күн мен түн теңеліп, табиғаттағы тепе-теңдік қалпына келеді. Халық түсінігінде дәл осы күні үйге құт қонады, береке кіреді. Сондықтан әр шаңырақ дастарқанын молынан жайып, келген қонақты құр қол қайтармаған. Наурыз көже осы молшылықтың белгісі ретінде ұсынылған.

Бұл тағамның ерекшелігі оның құрамында жеті түрлі дәмнің болуы. Қазақ мәдениетінде жеті саны қасиетті саналады. Жеті ата, жеті қазына, жеті қабат көк деген ұғымдар халық санасында терең орныққан. Сол себепті Наурыз көжеге де жеті түрлі тағам қосылады. Әдетте оның құрамына су, ет, тұз, май, дәмді дақылдар, сүт немесе айран, кейде құрт немесе тары қосылады. Әр өңірде көженің құрамы сәл өзгеруі мүмкін, бірақ негізгі мәні бір. Ол молшылық пен тоқшылықты білдіреді.

Наурыз көжені дайындау дәстүрі де өзіндік мағынаға толы. Ертеде адамдар бұл тағамды бір күн бұрын дайындап, түн бойы қазанның астын сөндірімеген. Қазанның қайнап тұруы үйдің берекесін білдіреді деп сенген. Көжені неғұрлым көп етіп әзірлеу де маңызды саналған. Себебі халық арасында «жыл бойы тоқ болу үшін Наурыз көжеден тойып ішу керек» деген түсінік қалыптасқан.

Тағамның әрбір құрамы белгілі бір символды білдіреді. Су өмірдің негізі саналады. Ет күш пен қуатты білдіреді. Дәмді дақылдар мол өнім мен берекенің нышаны. Сүт тазалық пен ақ ниеттің белгісі. Ал тұз тағамның дәмін

келтіретіндей, адамдардың өмірінде де татулық пен бірліктің маңызы зор екенін еске салады.

Наурыз көже тек тамақ қана емес, адамдарды жақындастыратын дәстүрлі тағам. Мереке күні жұрт бір-бірінің үйіне кіріп, көже ішіп, жылы лебіз білдіреді. Бұл үрдіс қоғамдағы татулықты нығайтып, адамдар арасындағы байланысты күшейтеді. Көне дәстүр бойынша бір үйдің наурыз көжесінен дәм татқан адам сол шаңыраққа жыл бойы жақсылық тілеп жүреді деген сенім бар.

Қазіргі уақытта да бұл дәстүр өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Қазақстанның көптеген өңірінде мереке күні үлкен қазандарда наурыз көже дайындалып, қала тұрғындары мен қонақтарға тегін таратылады. Бұл үрдіс жыл сайын қайталанып, дәстүр саналып кеткен.

Наурыз көже қазақ халқының қонақжайлығы мен кеңпейілдігін айқын көрсететін тағам. Оның әрбір қасық дәмінде ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр, халықтың дүниетанымы және болашаққа деген үміті жатыр. Сондықтан наурыз көжені ішу тек тамақтану ғана емес, өткен мен бүгінді жалғап тұрған мәдени мұрадан дәм тату деген сөз.

Қорлан САРЫ



ГАЗЕТТІҢ КЕЛЕСІ САНЫ 28 НАУРЫЗ, СЕНБІ КҮНІ ШЫҒАДЫ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі



Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген. «Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Нұршат НЫШАНОВА

Таралымы: 5189
Тапсырыс: 466